

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ ИСТОРИИ, АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ

АРХЕОЛОГИЯ, ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АНТРОПОЛОГИЯ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ИНСТИТУТ
АРХЕОЛОГИИ, ЭТНОЛОГИИ И АНТРОПОЛОГИИ

«ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН
ЭТНОЛОГИЯСЫ» атты

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына
және А. Б. Қалыштың 60 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

29 наурыз 2014 ж.

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-теоретической конференции
«ТРАДИЦИОННАЯ И СОВРЕМЕННАЯ ЭТНОЛОГИЯ
КАЗАХСТАНА»,
приуроченной к 80-летию КазНУ им. аль-Фараби
и 60-летию А.Б. Калыша

29 марта 2014 г.

MATERIALS

of the International Scientific and Theoretical Conference
«TRADITIONAL AND MODERN ETHNOLOGY
OF THE KAZAKHSTAN»
dedicated to the 80'th anniversary of al-Farabi Kazakh National University
and 60'th anniversary of Amanzhol Boranbayuly Kalysh

March 29, 2014

Алматы
«Қазак университеті»
2014

СОДЕРЖАНИЕ / МАЗМҰНЫ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Буркитабаев М.М. Құттықтау сөз	4
Баяндамалар / Доклады	
Көмеков Б.Е., Таймағамбетов Ж.Қ. Ұлағатты ұстаз, белгілі ғалым, тарихшы-этнограф	5
Асылбеков М.Х. Развитие исторической демографии в Республике Казахстан (итоги и задачи)	11
Асанканов А. Политика новой власти страны по совершенствованию национальной политики в Кыргызстане (2010-2013 годы)	18
Жумагулов К.Т. О повседневной жизни германцев античной эпохи (по данным исторических музеев Германии)	22
Омарбеков Т. Қазақстан аумағындағы оғыздар	25
Ажигали С.Е., Абдулина А.Т. А.Б. Калыш и этносоциология Казахстана: к 60-летию со дня рождения	33
Mehmet Derviş Kılınçkaya Atatürk dönemi iktisat politikaları ve kalkınma	38
Хаугала Р. Перспектива крещения монголов в трактатах теоретиков католического миссионерства второй половины XIII века	43
Нұрмұратов С.Е. Еуропадағы қазақ диаспорасы: дәстүрлер мен қазіргі заман	47
Қыдыралина Ж.У. Язык – культурный код нации	52
Кәрібаев Б.Б. «Қазақ» сөзі: зерттелуі, мәні мен мағынасы жөнінде	56

1 секция

КЕШЕГІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ЭТНИКЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ ҮРДІСТЕР

ЭТНИЧЕСКИЕ И ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ПРОЦЕССЫ В ПРОШЛОМ И НАСТОЯЩЕМ

Кундакбаева Ж.Б. Аманжол Калыш – во всем пример для подражания подрастающему поколению	61
Прманов Ә.Б. Адал дос	62
Примбетова Е.У. Молодые годы большого ученого	63
Қозыбақова Ф.А. Біз білетін ғалым, этнограф Аманжол Боранбайұлы	66
Телеуова Ә.Д. Ғылыми-зерттеуді үйлестіруші А.Б. Қалыштың «отанға оралу: үміт пен шындық» тақырыбындағы жобасының нәтижелері туралы	68
Қозғамбаева Г.Б., Бейсегүлова А.К. Этнологияның өзекті мәселелерін зерттеудегі ғалым А.Б. Қалыштың еңбектері	69

13. Өмірбеков Ш. Қазақ жүздерінің пайда болуы туралы // Қазақ тарихы. – 1994. – №3. –5-16 бб.
 14. Толыбеков С. Қазақ шежіресі. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 144 б.
 15. Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. –160 б.
 16. Қозыбаев М.К. Некоторые проблемы казахской государственности // Казахстан и мировое сообщество. – 1996. – №4. – С.3-12.
 17. Назарбаев Н.Ә. Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы // Отан тарихы. –1998. – №1. –5-15 бб.

Г.Б. Қозғамбаев

т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

АЛТАЙ ӨЛКЕСІНЕН МОҢҒОЛ ЖЕРІНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ БІР БӨЛІГІНІҢ ҚОНЫСТАНУЫ (XIX ҒАСЫРДЫҢ 70 – ЖЫЛДАРЫ)

Түйіндеме: Мақалада Алтай өлкесіндегі қазақтардың бір бөлігінің XIX ғасырдың 60- жылдарының аяғы мен жылдардың басында Қобда бетіне көшіп қоныстануының тарихы қарастырылған. XIX ғасырдың басында Алтайда шаруашылығының қауырт дамуы мал жайылымының азаюына әкеп соқтырды. Жер мәселесінің шиеленісуінен туындаған қақтығыстар салдарынан Қобда бетіне мал жайып, келіп-кетіп жүрген қазақтар өлкенің табиғатының қолайлылығын халықтың сирек қоныстанғанын байқап та жүрді. Бұл жағдай қазақтардың бір бөлігінің Қобда бетіне қоныс аударуларына түрткі болды. Моңғолия жеріне көшіп келген қазақтардың көпшілігі керей тайпасы болды. Қазақтар мен урианхайлар арасындағы жер мәселесінің шиеленісуіне байланысты Цин империясы қазақтардың көшіп-қонатын жерлерін белгілеп, белгі қадаған. Қытайдың маньчжуриялық Цин империясы моңғол елін XVIII ғасырдың аяғынан – XX ғасырдың басына дейін отаршылдық езгіде ұстады. Маньчжурия-қытай басқыншыларының үстемдігіне қарсы бағытталған халық наразылығы 1911 жылы ұлт-азаттық қозғалысқа ұласып, Моңғолия өз тәуелсіздігін жариялады. Моңғолияға көшіп келген қазақтар 1921 ж. моңғол елінде жеңіске жеткен ұлт-азаттық революцияның нәтижесінде тәуелсіз елдің азаматы атанды. XIX ғасырдың аяғында Алтай өлкесінен моңғол жеріне қоныстанған қазақтардың жекелеген рулары Моңғолиядағы қазақ диаспорасын құрды. Моңғолияға келген қазақтар XX ғасырдың бастапқы ширегінде моңғол мемлекетінің қарамағына алып, біржолата қоныстанды.

Кілт сөздер: диаспора, гүн, урианхай, үкірдай, тайпин, хошун.

Қытайдың батыс бөлігін мекендеген қазақтардың бір бөлігі XIX ғасырдың екінші жартысында қазіргі моңғол жеріне немесе қазақтардың өздерінің атауы бойынша Қобда бетіне қоныстанды. Қоныстану себептерін анықтау үшін, Моңғолиядағы қазақтардың арасынан шыққан ғалымдар 19- 20-жылдардан бастап зерттеулер жүргізді. А. Минис және А. Сарайдың зерттеулерінің нәтижесінде «Қорыта келгенде, қазақтар Алтай тауының теріскей бетіне немесе Қобда өлкесіне 1868-1869 жылдары келгендігі және сонан бері тоқсан бір – тоқсан екі жыл өткендігі даусыз», – деген қорытынды жасаған [1, 14 б.]. Кейінгі зерттеушілер осы қорытындыны негізге алады. Нәтижесінде қазақтардың бір бөлігінің моңғол жерін XIX ғасырдың жетпісінші жылдарынан бастап мекен еткендігі дәлелденіп отыр.

Қытайдың маньчжуриялық Цин империясы моңғол елін XVIII ғасырдан – XX ғасырдың басына дейін отаршылдық езгіде ұстады. Моңғол халқының тәуелсіздік үшін күресінің нәтижесінде Моңғолия Цин империясының бодандығынан 1911 жылы босанып, елдің тәуелсіздігін жариялады. Моңғолия Цин империясының қарауында болғандықтан Қытай мен моңғол елі арасында ресми шекаралар болмаған. Қазақтардың кейбір рулары осы жағдайды пайдаланып, XIX ғасырдың жетпісінші жылдарынан бұрын да моңғол жеріне мал бағып, әсіресе, жаз айларында жайлау ретінде пайдаланған. Керей тайпасының Шеруші, Жәнтекей рулары моңғол жерінің кеңдігі мен малға жайылым ретінде қызығып, XIX ғасырдың екінші жартысында көшіп келіп, мекендей бастайды. Сонымен қатар мұнда тарихи мәліметтерді Ресейлік ғалымдар, саяхатшылар еңбектерінен де кездестіреміз. Г.Е. Грум-Гржимайло: «Олар өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының соңында Алтай тауы асқан және қазіргі көші Буянтдан Қобдаға дейін созылып отыр, – деп жазды [2, с.413].

Ал Г.Н. Потаниннің айтуына қарағанда, ол Алтай өлкесіне келерден (Г.Н. Потанин Алтай өлкесіне 1876-1877 жылдары саяхат жасаған) бірнеше жыл бұрын «Жәнтекей биі Көбеш Алтай тауының терістік бетіне келіп мекендеген көрінеді» [3, с.3]. Қобда бетіне Керей тайпасының Шеруші, Жәнтекей, Қарақас, Молқы руларының жекелеген ауылдары алғашқы болып көшіп келген. Бұларға кейінректе Жәдік, Ителі, Шұбарайғыр руының ауылдары қосылған. Бүгінгі таңда Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында керей тайпасының жеті руынан шыққан қазақтар мекендейді. Керей тайпасының екі руының қалған бес руы мен Ашамайлы керейлер Алтай өлкесіне қоныстанған. Сонымен бірге

Баян-Өлгей аймағында керейлермен қатар біршама наймандар бар. Әрине, бұл айтқандардан керей тайпасының жеті руы түгелдей Моңғолияны, бес руы Қытайды мекендейді деген, қорытынды шықпаса керек. Моңғол жерін мекендейтін рулардың жекелеген ауылдары Алтайды және бұл аймақты мекен еткен рулардың біразы Моңғолияны мекендейтінін жоққа шығаруға болмайды.

Қазақтардың бір бөлігінің моңғол жерін мекендеуі Цин империясы үшін тиімсіз болды. Қытай үкіметі қазақтармен бірге оларды малынан айырды, олардың төлейтін алым-салығы жергілікті үкімет қазынасына түспейтін болды. Қазақтардың моңғол жеріне көшіп келуі жергілікті халықтардың да мүддесіне сай келмеді. Қазақтардың, жергілікті халықтардың мал жайылымына ортақ болғаны олардың наразылығын тудырмай қоймады. Цин империясы мен жергілікті әкімдері қазақтарды моңғол жеріне көшірмеу, көшкендерін кері қайтаруға әрекеттер жасады. А.Сарайдың еңбегінде: «Қазақтар Алтайдың теріскей бетіне келіп мекендегеннен кейін Маньчжурия-Қытай әкімшілігі кейде алым-салықты толық бермеді деген желеумен мал-мүліктің мол қорынан айырылмау үшін мылтық пен найзаның күшімен елді қайтарып көшіруді әрекеттенсе де, қазақтар олардың қойған ауыр шартын орындап, мекендеген жерінен қозғалмады», – деп жазды [4, 19 б.]. Автор сондай-ақ XIX ғасырдың жиырмамыншы жылдарында қытайлар қазақтарды үш рет шапқанын, кері көшпесе көп алым-салық талап ететінін, оны уақытында жинап бере алмағандықтан қытайлар Жәңтекей руының үкірдайы, Көбештің баласы Асылбектің басын алғанын баяндайды [4, 21 б.]. Қазақтардың Алтай өлкесінен Қобда бетіне көшіп қоныстануының көптеген әлеуметтік-экономикалық себептеріне тоқталатын болсақ, төмендегідей: біріншіден, XIX ғасырдың соңында қазақтардың бір бөлігі Қобда бетіне қоныстанған кезде, олардың экономикасының негізі мал шаруашылығы болды. Мал қазақтар үшін өндірістің негізгі құрал-жабдығы, сондай-ақ халықтың тұтынатын заттарының негізін құрады. Көшпелі мал шаруашылығы мен айналысатын халыққа жайылым жер керек болды.

XIX ғасырдың басынан бастап Алтай өлкесінде егін шаруашылығының қауырт дамуы мал жайылымының азаюына әкеп соқты. Жоғарыда көрсетілген жағдайлар XIX ғасырдың соңында жер мәселесін шиеленістірді. Жер дауы, жер үшін қақтығыстар кең етек жайды. Жер мәселесінің шиеленісуі туралы осы кезде Алтай өлкесіне саяхат жасаған орыс ғалымдары да өз еңбектерінде атап өткен. Қобда бетіне өуелі мал отарлатып, кейде жайлаулатып келіп-кетіп жүрген қазақтар өлкенің табиғатының қолайлылығын, халықтың сирек қоныстанғанын байқап та жүрді. Бұл жағдай қазақтардың бір бөлігінің Қобда бетіне қоныс аударуларына түрткі болды. XIX ғасырдың екінші жартысында Қытай елінің ішкі саяси жағдайы шиеленісті және аумалы-төкпелі дамуда күн кешті. Қытайда өз үстемдігін жүргізіп тұрған маньчжуриялық Цин үкіметі, тарихта «Қытай мен Ағылшын мемлекеттері арасында болған соғыс» деген атпен қалған ағылшын қытай қақтығысынан кейін Нанжин келісімі бойынша Қытай мемлекетінің 5 портын және Гонконгты ағылшындықтардың билігіне беріп, осы соғыстың шығынын төлейтін болған. Бұл келісімі бойынша Қытай елі мен ағылшын арасында жасалынған шартқа Қытай халқы наразылығын білдіріп, нәтижесінде 1850-1864 жылдар аралығында жалпы Қытайды қамтыған шаруалар көтерілісі болды. Бұл шетел басқыншыларының қытай жеріне қожалық ете бастаған кезі еді. Осы жылдары болған «Тайпиндер көтерілісі» елді қатты дүрліктірді [5, 221 б.]. Қытайлардың аз ұлттарға қарсы жүргізген шовинистік саясатының салдарынан жер-жерлерде ұлт-азаттық қозғалыстар өріс алды. XIX ғасырдың 60-70-жылдары Қытайдың батысында дүнгендер мен ұйғырлар ұлттық езгіге қарсы көтерілді. Бұл көтеріліс мұсылмандарды, оның ішінде қазақтарды да қамтыды [6]. Қытай үкіметі көтеріліске қатысқандарды айуандықпен жазалады. Көтерілістің мұсылмандарға, әсіресе, қазақтарға пайдасынан гөрі зияны көп тиді, өйткені олар жерінен айырылып, бөтен жұртқа көшуге мәжбүр болды. Қытайдың батыс аймақтарын Шәнсьи, Ганьсу, Жоңғар, Қашқарияны қамтып, найманның байжігіт ауылын талқандап, Моңғолияның батысындағы Қобданы басып алды. Бірақ дербес мемлекет құрмақшы болған дүнгендер мен ұйғырлардың мақсаты іске аспай, 1878 жылы маньчжуриялық Цин үкіметінен жеңілді. Осы кезде қазақтар үшін екі түрлі жағдай тиімді болды. Яғни тайпин көтерілісін күшпен басқаннан кейін көтеріліске қатысқан шаруаларды «жаңа жер игеру» деген науқанмен елдің батысындағы шет аймақтарына күшпен жер аудара бастады. Осы бір «жер игеру» Шыңжан (жаңа жер) өлкесін мекендеп жатқан қазақтар өлкесін де қамтыды. Қазақтардың көптеген мал жайылым жерлері көшіп келген қытайлықтардың егіс даласына айналды. Сөйтіп, қазақтың жері малына тарлық ете бастады, осы жағдайға байланысты қазақтардың бір бөлігі моңғол жеріне көшуіне себепші болды [7, 62-63 бб.]. «Батыс Қытай өлкесіндегі магометандар көтерілісі кезіндегі жаугершілік керейлер үшін тиімді болды. Олар Қыран өзенінен өтіп, Алтай тауын асып, Бұлғын, Сақсай басына дейінгі урианхай жерін басып алды», – деп жазды Г.Е. Грумм-Гржимайло [2, с.720-721]. Сондай – ақ қазақтардың жекелеген руларының моңғол жеріне қоныс аударуына олардың арасында билік жүргізу жүйесінің ерекшелігі де әсер етті. Алтай өлкесін мекендеген қазақтарды төрт би биледі де, оны қазақтар «төрт орын» деп атады. Г.Н. Потаниннің жазғанына

қарағанда, бұл билерді халық сайлайтын болған, соңғы сайлау 1830 жылы жүргізілген [3, с.22]. Төрт бидің үстінен Цин империясы тағайындаған бір гүн бақылайтын болған. Қазақтарды билеген төрт би алғашында сайланғанымен, келе-келе атадан-балаға мирасқорлықпен берілу рәсімі қалыптасты. Бұл жекелеген рулардың мүддесіне қайшы келді.

Алтайды мекендеген он екі ата керейдің ішінен санының көптігі жағынан беделдісі Жөнтекей, Жәдік, Шеруші рулары еді. Г.Н. Потаниннің жазғанына қарағанда, беделдісі Жөнтекей мен Жәдік рулары абақ керейлердің тең жартысын құраған. Осы себептен қазақтарды билеген төрт би осы рулардан сайланған да, олар өз лауазымын мирасқорлықпен жалғастырып отырған. Биліктің жоғарыда көрсетілген жүйесі басқа рулардың, әсіресе, Жөнтекей, Жәдікпен терезесі тең Шеруші руының, олардың ру басшыларының мүддесіне сай келмеді. Бұл жағдай жекелеген ру басшыларының өз қарамағындағы халықты моңғол жеріне көшіруінің бір себебі болды.

Моңғолияға қоныс аударған керейлердің көпшілігінің Шеруші руынан болғандығының себебі де осыған байланысты. Бұл аймаққа көшіп келген керей тайпасының жекелеген руларының отбасы және адам, мал саны туралы мәліметтер жоқ. Моңғол Халық революциясы жеңген соң, 1923 жылғы жүргізілген санақ бойынша қазақтардың отбасы саны 1870 болған. Осы мәліметке сүйене отырып, ХІХ ғасырдың соңында – ХХ ғасырдың басында Қобда бетіне асып келген қазақтардың саны жөнінде мәлімет қалдырған Моңғолияның ғалымы Ж.Цэвээн: «қазақтардың әр үйінде төрт кісіден болған деп есептесек, жеті мың, бес кісіден есептесек он бір мың болу керек», – деген болжам айтады [8, 131 б.]. Қытайдың шығыс бөлігін мекендеген қазақтар мен Қобда жеріндегі қазақтар арасында көп жылдар бойы шекара болмағандықтан, екі аймақтағы қазақтар бір-бірінің жеріне үнемі өтіп отырғандықтан, Моңғолия жеріндегі қазақтардың санын нақты айту мүмкін емес, сондықтан оны жобалап берген. Осы және басқадай мәліметтерді салыстыра отырып, А.Сарай алғаш моңғол жеріне көшіп келген қазақтардың саны алты-жеті мың деп топшалайды [4, 31 б.]. Ал олардың мал саны жөнінде Г.Е. Грумм-Гржимайло: «1900 жылы керейлердің бір қожалығында орта есеппен жиырмаға жуық малы болды», – деп жазады [2, с.47]. Осы мәліметті шындыққа жақын десек, қазақтардың малының саны он бес-жиырма мыңнан аспайды. Моңғолия жеріне көшіп келген қазақтардың көпшілігі керей тайпасы болды. И.Қабышұлы «Қазақ қауымы» деген еңбегінде олардың арасында Моңғолиядағы қазақтардың ішінде қызай наймандар және арғындар да болғандығын айтады [9, 169 б.]. Моңғол жеріне келіп орналасқан қазақтардың алдына жаңа қоныстағы жер мәселесі негізгі мәселе болып қойылды. Қазақтар Қобда бетіне көшіп келгенімен жайылым жер мәселесі олардың ойлағанындай оңай шешілген жоқ. Қобда бетін мекендеген азғантай уранхайлардың ауқаттылары қазақтарды өртүрлі айла-шарғымен қыспаққа ала бастады. Олардың үстем тап өкілдері қазақтардан жайылым жерін пайдаланғаны үшін ақы талап ететін болды. Уранхайлар көшіп келген қазақтардан жайылым пайдаланғаны үшін жүз ірі қарадан – бір ірі қара, жүз қойдан екі қой алып, сондай-ақ үй тігіп, түтін түтеткені үшін де, ақы талап еткені байқалған [10]. Жер мәселелерінде осындай қыспаққа ұшыраған қазақтар көшіп келген жерлеріне ресми түрде орнығу үшін сондай-ақ жергілікті халықтың қыспағынан құтылу мақсатымен 1882 жылы Цин үкіметіне өтініш жолдап, олардан жер беруін сұрайды. Қытай үкіметі қазақтардың Қобдаға өтуін ұйғарса да, жер мәселесі жөнінде нақтылы шешім қабылдамады [11]. Қазақтар мен уранхайлардың арасындағы жер мәселесінің шиеленісуіне байланысты Цин империясы қазақтардың көшіп-қонатын жерлерін белгілеп, оған белгі қадаған.

Моңғол елі Цин империясының бодандығынан құтылып, өзінің тәуелсіздігін жариялағанға дейін Моңғолия мен Қытай Цин империясының құрамында болды. Сондықтан Алтай бетінен Қобда өлкесіне өткен қазақтарды моңғол елінің қарамағына енгізу, қабылдау туралы мәселе көтерілген жоқ. Моңғолия тәуелсіз мемлекет болған соң қазақтарды өзінің азаматтығына қабылдау мәселесі қойылуға тиіс болды [12]. Бұл мәселені шешу ісіне Қытай мен Моңғолия өз мүдделері тұрғысынан қарады. Қытай үкіметі өртүрлі айла-өдіс қолдану арқылы моңғол жеріне қоныстанған қазақтарды Қытайдың қарамағына қайтаруға әрекет жасады. Жаңа ғана тәуелсіздікке қолы жеткен моңғол мемлекеті қазақтарды Моңғол елінің қарауында қалдыруға мүдделі болды [13, 74 б.]. Ал, бұл мәселе жөнінде қазақтардың ұстанған бағытына келсек, оның жекелеген руларында, ру басшыларында бірінші болмады. Шерушінің белгілі ру басшылары мен билері осы мәселені шешуге келгенде екі түрлі бағыт ұстанды. Шеруші руының бір биі Қытай өкіміне жолдаған хатында керейлердің бірнеше мәртебе кісілері Қытайды моңғолдар жеңуі тиіс, енді Қытайға салық төлемеу керек, моңғолға қосылу керек деп халық арасына іріткі салып жүр деп шағымданған.

Моңғол мемлекетінің қарамағына өтуге шешім қабылдаған Шеруші руының беделді биі Қытай бастаған он адам өз руының төрт жүз адамдық отбасының атынан өкімет басшыларына өз қарамағына алуды сұрап хат жолдайды. Сонымен бірге, хат иелері қазақтардың көпшілігі моңғол мемлекетінің қарамағына өтуге әзір екендігін мәлімдеп, үкіметтен қазақтарға арнаулы жер бөліп беруін

сұрайды. Моңғол мемлекетінің үкіметі 1912 жылы 22 шілдеде Батыс өлкені қорғаушы министрдің атына жолдаған хатында қазақтарды Моңғол мемлекетінің қарамағына алуды ұйғарып отырғандығын мәлімдей келе, қазақтар үшін арнаулы жер бөлуді жергілікті өкімшілікке тапсырды. Үкімет орнының бұл нұсқауын Моңғол мемлекетінің ханы Боғда Жавзандамба бекітіп, мөрін басқан. Қазақтар 1911-1921 жылдар аралығында, он жыл ішінде ру-руымен, топ-топ болып, моңғол мемлекетінің қарамағына өткенге ұқсайды. Моңғол үкіметінің 1912 жылғы (құжаттың ай-күні жазылмаған) №53 қаулысының, №4 бабында Шерушінің үш хошуны Моңғол мемлекетінің қарамағына өтті деп көрсетілген. Қошақ руының билеушісі Ахмади қарамағындағы халықтармен бірге моңғол мемлекетінің қарамағына өтуге өтініш білдірді, үкімет оны қабылдады – деп, жазған [14.].

XIX ғасырдың 60-70-жылдары Алтай өлкесінен моңғол жеріне ауа көшкен қазақтардың жекелеген рулары Моңғолиядағы қазақ диаспорасын құрды. Моңғолияға келген қазақтар XX ғасырдың бастапқы ширегінде моңғол мемлекетінің қарамағына өтіп, жер алып, біржолата қоныстанды.

Қазақ диаспорасының қалыптасуы мен дамуы ұзақ уақытқа созылған тарихи процес. Қазақ диаспорасы әртүрлі уақытта түрліше себептердің салдарынан пайда болды. Шетелге көшкен қазақтардың басым көпшілігі ең әуелі қытай жеріне көшіп барды. Бұған Шығыс Түркістанның Қазақстанмен шекаралас болуы және жердің мал шаруашылығына қолайлығы, олар ертеректен қоныстана бастағаны сияқты себептер әсер еткені мәлім. Қытай жерінде алғаш пайда болған қазақ диаспорасының болашақ тағдыры әр қилы болды. Белгілі себептерден олардың біразы XIX ғасырдың соңында моңғол жеріне асты. XX ғасырдың қырықыншы жылдарында Шығыс Түркістанда өрістеген ұлт-азаттық қозғалыстың нәтижесіз аяқталғанынан қуғынға ұшырағандар Үндістан арқылы Түркия еліне асып кетті. Көпшілігі Шығыс Түркістан жерінде қалып қойды.

Міне, жоғарыда айтылған себептердің нәтижесінде қазақ халқының «диаспора» дейтін бөлігі пайда болды. Ал, бүгінгі таңда бес миллионнан астамқазақ диаспорасы алыс және таяу шетелдерде тұрады. Оның 1,3 миллион Қытайда, бір жүз елу мыңы Моңғолияда, қалғаны Түркия және тағы басқа елдерде өмір сүруде.

1. Миніс Ә., Сарай А. МХР Бай-Өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. – Бай-Өлгей: Аймақ баспаханасы, 1960. – 134 б.

2. Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. – Т. 2. – Исторический очерк в связи с историей Средней Азии. – Л.: Ученый Комитет МНР, 1926. – 840 с.; Т.3. – Антропологический и этнографический очерк этих стран. Торговая и колонизаторская в них деятельность китайцев и русских. Дополнения и поправки. – Л.: Ученый Комитет МНР, 1930.

3. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. Результаты путешествия, исполненные в 1876-1877 гг. по поручению ИРГО. – Вып. I-II. – СПб.: Тип. Киришбаума, 1881. – 425 с.; Вып III-IV. – СПб.: Тип. Киришбаума, 1883. – 1023 с.

4. Сарай А. Баян-Өлгей аймақтың қазақ халқы тарихының кейбір мәселелелері. – Өлгей: МХР ғылым тарату қоғамының Баян-Өлгейлік бөлімі, 1968. – 104 б.

5. Хуа Ган. История революционной войны Тайпинского государства / Пер. с китайск. – М.: Изд. иностр. лит., 1952. – 304 с.; Илюшечкин В.П. Крестьянская война тайпинов. – М.: Наука, 1967. – 394 с.

6. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. – Т.V. Таранчи. 4.1. – СПб.: Переселенч. упр-е, 1914. – С. 2; Гуревич Б.П. История "Илийского вопроса" и ее китайские фальсификаторы // Документы опровергают. Против фальсификации истории русско-китайских отношений. – М., 1982. – С.430; Сушанло М. Дунганское восстание второй половины XIX века и роль в нем Бай Янь-ху. – Фрунзе: Киргиз. гос. изд-во, 1959. – 119 с.

7. Қинаятұлы З. Жылыған жылдар шежіресі. (Тарихи көркем публицистика). – Алматы: Мерей, 1995. – 297 б.

8. Цэвээн Ж. Үсақ ұлттардың шығу тегі туралы (моңғол тілінде). – Улан-Батор, 1924. – 131 б.

9. Кабышұлы И. Қазақ қауымы: Қазақ ұлысының 2200 жылдың тарихы. – Алматы: Жазушы, 1997. – 224 б.

10. МХРП Орталық комитетінің мұрағаты, 1 - қор, 3- тізім, 11- іс.

11. МХРП Орталық комитетінің мұрағаты, 1 - қор, 3- тізім, 16- іс.

12. Моңғол мемлекетінің (ММ) Орталық тарихи мұрағаты. – А-3 қ., 333- іс.

13. Орынұлы Қалқабай. Есте қалған есімдер. – Өлгей, 1995. – 74 б.

14. Моңғол мемлекетінің (ММ) Орталық тарихи мұрағаты. – А-3 қ., 617- іс.

Ғылыми басылым

**«ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАН ЭТНОЛОГИЯСЫ»
атты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 80 жылдығына
және А. Б. Қалыштың 60 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

29 наурыз 2014 ж.

ИБ №7163

Басуға 26.03.2014 жылы қол қойылды. Пішімі 84x108/16. Көлемі 32,91 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №488. Таралымы 40 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.